

ӘОЖ 911.3  
КБЖ 26.8  
М 15

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
география және табиғатты пайдалану факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

география ғылымдарының докторы, профессор **З.Х. Ахметжанова**  
география ғылымдарының кандидаты, профессор **С.А. Құсайынов**  
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Т. Сүйінбаева**

**Мақсақовский В.П. және т.б.**

**М 15** Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы: оқу құралы. 2 бөлім. 1-бөлім/ В.П. Мақсақовский Ш.М. Надыров Ә.Т. Мылқайдаров – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 176 бет.  
**ISBN 978-601-247-890-7**

Бұл оқу құралында дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясының жалпы мәселелеріне шолу жасалған. Қазіргі әлемде геосаяси ахуалдың күрделене түсуіне сәйкес және әлемдегі экономикалық дағдарыс құбылыстарының өсіп келе жатуына байланысты, оқулықтың теориялық және әдістемелік бөлімдері заманауи талаптарға сәйкестендірілген. Оқу құралы сондай-ақ жоғары оқу орындарының талаптары мен шарттарына сәйкестендіріліп, қосымшалармен, тың деректермен жетілдірілген. Еліміздің және әлемнің әлеуметтік-экономикалық геосаяси ахуалында болып жатқан өзгерістерді есепке алған. Сонымен бірге студенттердің психологиясын ескеріп оқу құралының құрылымы студенттерге жақындатылған және дүниежүзілік стандарттарға оқулықтың мазмұны сәйкестендірілген.

Оқу құралы Қазақстан жоғары оқу орындарының географиялық және экономикалық факультеттерінде білім алатын студенттерге арналған және география пәнінің мұғалімдері қосымша құрал ретінде пайдалана алады.

**ӘОЖ 911.3  
КБЖ 26.8**

© Мақсақовский В.П., Надыров  
Ш.М., Мылқайдаров Ә.Т., 2013  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

ISBN 978-601-247-890-7

## КІРІСПЕ

Дүниежүзінің экономикалық әлеуметтік және саяси географиясы – қоғамдық географиялық ғылым. Ол халықтың және шаруашылықтың жалпы алғанда дүниежүзінде, кейбір аймақтар мен елдерде орналасуы мен дамуын зерттейді. Бұл ғылым халықаралық қатынастардың, адамзаттың ғаламдық мәселелерін және қоғам мен табиғаттың өзара әрекет ету мәселелерін қозғай отырып, дүниежүзілік дамудың қазіргі кезеңін дұрыс түсінуге көмектеседі. ТМД елдерінде бұл ғылымның қалыптасуы көптеген географ – ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Бұл тұста ірі ғалым ғана емес, сонымен бірге мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарының авторлары болған Н.Н.Баранскийдің (1881 – 1963) және И.А.Витвердің (1891 – 1966) есімдерін ерекше атауға болады.

Бұл оқу құралы негізінен екі бөлімнен тұрады. Оның осы беріліп отырған бірінші бөлімінде дүниежүзіне жалпы сипаттама беріліп отыр. Бұл бөлімде Қазіргі дүниежүзінің саяси картасына, дүниежүзінің табиғат ресурстарына, дүниежүзінің халықтарына, ғылыми – техникалық революция және дүниежүзілік шаруашылық пен дүниежүзілік шаруашылық салаларына сипаттама берілген. Қазіргі әлемде геосаяси ахуалдың күрделене түсуіне сәйкес және әлемдегі экономикалық дағдарыс құбылыстарының өсіп келе жатуына байланысты оқулықтың теориялық және әдістемелік бөлімдері заманауи талаптарға сәйкестендірілген.

Оқу құралымен жұмыс істеген кезде оның материалдары бейне бір екі д е н г е й ге жіктелгендей екенін ескеру қажет. Мәселен, негізгі мәтінде көмекші материалды бөліп көрсету үшін ұсақ қаріп (нетит) қолданылады. Барлық негізгі мәтінге қосымша қызықты деректер берілген.

Дүниежүзінің саяси және экономикалық карталарында болып жататын көптеген маңызды оқиғалардың оқулық беттеріне бірден түсе қоймайтыны белгілі. Оның үстіне, газеттер мен журналдардың, радио мен теледидардың материалдарына, энциклопедияларға, анықтамаларға, сөздіктерге, географиялық атластарға қайырылуың маңызы зор. Біздің еліміздегі білім беретін жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан реформа мәдени бағытта айқындалған. Географиялық мәдениеттің қалыптасуына дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси география курсымен қоса,